



СЕМЕЙ ШАҒАРЫ – ЕРТІСТЕГІ РИМ!..

(қаланың жасы туралы толғаныс)

Қаламыздың жасына қатысты дау-дамай толастамай тұр. Күз түсе, «Қала күні» деген мейрам таяғанында пікірталас көркі тіпті қыза түседі. Осы жылдың қыркүйек айында «Прииртышье» деген қоғамдық ұйым қала әкімшілігіне хат жолдапты. Қалаға 303 жыл деп нақты датаны тойлауды ұсынамыз деп. Осыны естіген мен пақыр осыдан 23 жыл бұрын облыстық «Рудный Алтай» газетінде басылған «Семь палат – древний град» атты дайын мақаламды қалалық «Спектр» газетінде жариялаттым. Көп ұзамай-ақ, оған қарсы екі бірдей мақала шыға келді. Біріншісі – «О докторях псевдоисторических наук» («Спектр» газеті, 29 қыркүйек, 2021 ж.), екіншісі – «Еще раз о возрасте города» (6 қазан, 2021 ж.) деген. Егер үнсіз қалсам, жеңілгенім, еріксіз екі авторға өз тілдерінде жауап жазуыма тура келді.

Бірінші мақаланың иесі Юрий Горевой деген азамат Семейге 1000 жыл деген негізсіз, құр даурықпа деп жаза келе, түйе үстінен от көсегендей, былайша қойып қалады: «Нет никакой проблемы – городу 303 года, от изначалья первого «кирпичика» крепости Семипалатной. И все!».

Сабаздың айтпағы: «Қазақ-та бұрын-соңды қала болмаған, меңіреу Дала төсінде төрт түлік малдың тұяғына еріп қана өмір кешкен» дегенге саяды.

Екінші мақаланың авторы Павел Жуков деген өлкетанушы. Көлемді мақаладан оның «Семейге 1000 жыл» деген болжамды қайтсем жоққа шығарам деп көп ізденгені байқалады. Сол үшін ол араб саяхатшысы әл-Идриси (12 ғасырда өмір сүрген) жасаған картада Ертістің орта ағысында Қимақ қағанатының астанасы көрсетілмегендігін дәлелдеуге күш салыпты. Қызықтары алда. Мақаланың орталау тұсында: «Археологические исследования показали, что он (қимақ астанасы – А.О.) располагался в районе современного Павлодара», –

деп мәлімдесе, мақала соңы: «Кимакские города располагались значительно южнее нашего города», – деп түйіндепті. Көрдіңіз бе, өзіне өзі қарсы келген. Екінші үлкен сорақылық – жеті тас мешіт көне Семей жерінде болмаған деп пайымдапты Жуков. Оның дәлеліне семейлік Кашляк деген өлкетанушының: «Таким образом, утверждение Г.Миллера о времени постройки «Семипалат» до 1616 года не соответствует действительности», «...Можно утвердительно сказать, что ни в 1616, ни в 1655 годах, наши «Семь Палат» еще не существовали» деген жазбаларын алға тартады.

Өрине, пікір білдіруге әркім де құқылы. Бірақ тарихи фактілер жоққа шығарылған немесе қара күйе жағылып, белінен сызылған ахуалға тәуелді болмайды деген ойдамын. «Ескі Семей дегенді әлдекім ойдан шығарған, олай болмаған» деген сөздер осы қатардан. Мәселе сонда, қаламыздың 1718 жылдан бұрынғы тарихы жайлы егжей-тегжейлі мағлұматты Қазақ Совет энциклопедиясы-

ның 10-томынан табасыз. Онан бөлек, 1972 жылы Болат Көмеков деген ағамыз Мәскеу қаласында «Қимақ қағанаты» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған болатын. «Қазақстан тарихы» (Алматы, 1994) кітабының 105 бетінде: «XIV ғас. бірінші жартысында үлкенді-кішілі қалалар мен мекендер Дала картасынан жоқ болып кетті» деп көрсетілген. Оған дейінгі дәуірде Сарыарқа төсінде Ұлы Жібек жолының айқыш-ұйқыш іздері сайрап жатқан болатын. Арғы мыңжылдықтарда қала, кенттер, егін еккен отырықшылық салттар, темір балқыту орталықтары да болған. Өйтпегенде, қазақ даласының түкпір-түкпірінен қазылып алынған алтын-күміс әшекейлер мен «алтын адамдар» қайдан келмек?

«Туған қаламыз Семейдің жасы 1000 жылдан асады» дегенге сенімсіздікпен қарайтын адамдар арамызда баршылық. Сондықтан «білгенге маржан» деп, шаһарымыздың арғы тарихын ақтарып, ескі шежіресінен сыр шерту басы артық шаруа болмаса керек.

840 жыл. Шыңғысхан жаугершілігі алдындағы аса елеулі әлемдік маңызы бар дата. Осы жылы Оңтүстік Сібір жерінде дәуірлеген әйгілі Ұйғыр қағанаты күйреп, оны құраған ежелгі ғұн нәсілдері, ондаған түркі ру-тайпалары, әр тарапқа (Арқаға, Тұрпан ойпатына, Жетісу мен Сыр бойына) ауа көшкені ақиқат. Осымен, Алтайдың бергі жағына ауған үлкенді-кішілі жеті ру-тайпа орта Ертіске түтігеді. Бас біріктіріп, мемлекет құрады. Жеті тайпаның батыс көршісі қабырғалы қыпшақ елі еді. Осы себепті жаңа одақ-конфедерация негізінен Ертістің бойын қуалай қоныстанды және ол дәуірде саудасаттықтың көрігі қызғандықтан өзеннің жағалауында он алты тұрақты мекен – қалашықтарын көтереді. «Қимаққа қағанаты» деп аталған екі ғасырдай өмір сүрген мемлекеттің пайда болу тарихы осы.

Астана қаласы қайсы? Оның қазіргі Семей орнында болға-

нына кәмілміз. Өйткені, мұны көптеген деректер растайды. Солардың бастысы «жеті тас мешіт» немесе «жеті тас сарай» деп аталатын көне құрылыстар болып табылады. Орыс ескері Ертіс жағалауына ат басын алғаш тірегенде, олар тас сарайлар сәулеті таң-тамаша қалады. Өздерінің қамалын, қазіргі «Ескі қамал» селосы орнында тұрған, «Семьпалат» деп атауы соның айғағы.

Тас мешіттер қашан, қалай пайда болған дегенде жаңа айтылған 840 жылға келіп тірелеміз. Қимақтың патшасы, яки қахан астана қала төріне жеті бірдей тас мешітті тұрғызуға жарлық береді. Неге? Өйткені, бас қосқан Жеті рудың ынтымағы мен бірлігін сақтауды ойлаған. Бұл миссионерлер күшімен исламның жер-жерге

ресми орындарға хабарлаған (ҚСЭ. -10-том. – 114 бет). Ал, жоғарыда аты аталған академик Миллер 1616 жылдың 25 сәуірінде Тюмень архивінен патша Михаилдің грамотасын тапқан болатын. Онда тас сарайлар «тас мешіттер» деп аталыпты (сонда, 114 б.).

Қазақ хандығы дәуірінен Ертіс бойында жоңғар билік құрған кезеңге өтейік. XVII ғасырдың ортасында жоңғар ханы Батыр қонтайшы қалың жасақ жинап, Ертістің орта ағысын өзіне қаратты. Семейдің бірғасырлық «қалмақ дәуірі» басталды. Орыс зерттеушісі Н. Абрамовтың білуінше, 1670 жылдары Жеті мешіт күрделі жөндеуден өтіп, будда монастырының кейпіне енеді. Доржы деген пірадар басшылық еткен бұл храмдардың ма-

таралып жатқан уағы болатын. XVIII ғасырдың 30-шы жылдары Семейдің орнын алғаш зерттеген ғалым Миллердің дерегіне қарағанда, тас сарайлар – тік бұрышты, шаршы, шеңбер, т.б. формада, бірін-бірі қайталамайтын жобамен салынған. Өртүрлі руларды біріктіру көзделген нышандар емес пе.

Жеті тас мешіт сонау IX ғасырдан XVIII ғасырға қайтіп бұзылмай жеткен? Енді осыған келейік.

XIII ғасырдың басында Шыңғысхан қалың әскерімен Шыңғыстау бөктеріне жетіп, бас Орда ту тіккенде (Орданың нақты болғаны, оның Жошының тұңғышы Орда-Еженге мұраға қалғаны Рашид ад-диннің жазбаларында хатталған) Ертіс жағасындағы қала сауда-саттықтың арқасында сақталып тұрды. Орта Азияға көз тіккен Шыңғысхан осы аумақта өлденеше жыл қыстап, 150 мыңдай сарбазымен Отырар қаласының желке тұсынан түскені кәміл. Сол Отырар қаласына керуен баратыны, сол жолы бес жүз мұсылман саудагері опат болатыны бар емес пе. Міне, сол керуен Семей қаласы орнында тұрған сауда шаһарында жабдықталған деуге бейілміз. XIII ғасырдың орта тұсында Ақ-Орда ұлысын аралаған итальян саяхатшысы Плано Карпинидің: «Орта Ертістің жағалауында өзіндік келбеті бар қала тұрды» деген жазбасы өтірік өңгіме емес.

1368 жылы Шыңғысхан өткен жолмен тек кері бағытта жортып, Орта Ертіс жиегінен Әмір Темірдің әскері де ат суарған ғой. Бұл жорық сапарын тексерген тарихшы Амантай Исин: «Әмір Темір әскері батыстан Сарыарқа жері арқылы келген» деп сабақтайды. Әмір Темірдің Жеті тас мешітті көріп, құлауға таяу тұрған оларды қалпына келтіруге өзіне ерген сәулетші адамдарына бұйрықты бергенін болжауға өбден болады.

Өйткені, Қытайдағы орыс елшісі Ф.Н. Байков 1653 жылы Ертіс бойындағы ірі құрылыстарды – «Жеті тас мешітті салдырған бұхарлықтар екен» деп

қына көп үйлер бой көтеріп, егін-жайлар пайда болады. Қысқасы, «Доржыкент» (немесе Доржыкент) деп аталған қалмақ қаласы картаға түседі.

Орыс әскери экспедициясы ә бастан-ақ қазіргі Семей тұрған биік аумаққа ірге тепсе керек еді. Олай болмаған. Оған «кінәлі» жаңағы Доржыкент қалашығы еді. Қазақ-орыстар амал жоқ, бекіністерін 20 шақырымдай әрідегі ойпаңға (бұл орын әлі күнге «Старая крепость» деп аталады) салған. Ал, қамалды қазіргі қала орнына көшіру бақандай 60 жыл өткенде, жоңғар мемлекеті толық күйрегенде ғана іске асқан. Архив құжатты сөйлесін: «В 1760 г. встал вопрос о перенесении крепости на новое место... 18 мая 1778 г. во вновь построенную крепость переехал назначенный комендантом полковник И.Т.Титов со штабом, поручив заведование старой крепостью майору Соколову».

Осындай нақты құжаттар бола тұра, «Семейге 303 жыл» деп жалаулату ақылға сия ма? Бұл айдалаға орын тепкен орыс қамалы салынған уақыт емес пе. Бекіністі қазіргі Семей орнына жаңадан салу кезеңінде көненің көзі – тас мешіттер толық бұзылады. Үш ғасырдай «Семьпалат» дерізіп келген әйгілі археологиялық мұраның қысқаша тарихы осымен төмам.

Сонымен, қорытындылайық. Ілгеріде «Семь палат» бертінде салынған ескерткіш дейтіндер сөзін келтірдік. Бұл қазақ халқының тамырынан айырып, өз күшіне сенімсіздік тудыруды көздейтін ой-пайым сияқты. Халықтардың Ұлы көші дәлелінде һәм сауда-саттық жолдары қиылысқан, Ертістен өткел алатын географиялық нүктеде Рим сияқты мәңгі қала болмауы мүмкін емес, тегі. Сондықтан баршаңызды да туған қаламыз киелі Семей есте жоқ ескі мезгілден бар, қараөткел ежелгі мекен екеніне сенімді жоғалтпауға шақырамын.

Асан ОМАРОВ,
ғалым-журналист